

ӘЖІНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының

4^Г курс топары

Қазақ әдебиеті тарихы пәнінен

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тақырып: С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы негізгі
идеялық шешім**

Қабылдаған:

Ғ.Мамбеткаримов

Дайындаған::

Қ. Суиншалыев

НӨКІС -2015

С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы негізгі идеялық шешім

Жоспар:

Кіріспе

Негізгі бөлім

I. «Қамар сұлу» романы және дәуір шындығы

II. Романдағы жастардың бас бостандығын аңсауы

а) Қамар мен Ахмет бейнесі

б) Нұрым мен Қалтан қажылар әрекеттері

Қорытынды

Кіріспе

XX ғасыр басында қазақ халқын бір жағынан патша өкіметі қанаса, бір жағынан қазақтың үстем тап өкілдері қанап отырды. Олар Россиядан келген қоныс аударушыларға қазақ еңбекшілерінің құнарлы жерлерін тартып алып берді. Мұның өзі халықтың наразылығын одан әрі өршіте түсті.

Бұл кезең ішінде 1900-1917 Қазақстан жерінде мектептер ашылды, қазақ тілінде мерзімді баспасөз дамыды. Кітап, газет шығару істері алға ілгеріледі. Әсіресе, Троицкий қаласында «Айқап» журналының шығуы Қазақстанның мәдени өміріндегі үлкен жаңалық еді. Бұл журнал демократ бағыттағы ақын-жазушыларды өз төңірегіне топтастырды. Олардың шығармаларына өз беттерінен көбірек орын берді.

Әдебиет пен өмірдің бір-бірімен өзектесе, қанаттаса, бір-біріне әсер ете келіп туғызған осы үлкен талабына алғаш ұн қосып, жемісті еңбек еткен таланттардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров еді.

Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетінің қысқа да шытырман әдеби оқиғаларға бай, соқпағынан гөрі соқтықпасы мол және әдебиет алдындағы үлкен-үлкен міндеттердің пісіп жетілген кезінде небәрі 6-7 жыл еңбек етті. Соның өзінде өмір тәжірибесі мен өнер-білімі саяз бұл қыршын талант жалт етіп көзге түсіп, жарық жұлдыздай жарқын із қалдырды. Ауыр ауру мен жоқшылықта, білім-өнер іздеген талассыз күрес жолында өткізген жиырма жеті жасының саналы тұсын әдебиет майданына сарқа жұмсаған Сұлтанмахмұт әдебиетіміз тарихында өзіне өшпес белгі, ескерткіш боларлықтай мұра жасап үлгерді. Ол мұраның басым саласы қазақ көркем әдебиетінде роман, поэзия тәрізді бұрын онша көзге түспеген тың жанрлардың пайда болып, даму процесімен тікелей байланысты еді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы қазақ әдебиеті тарихында маңызды орын алады. Қоғамдық өмірдің сан-алуан сал-мақты шындығын өз тақырыбының төңірегіне шебер топтастырып, ұтымды көрсете алатын осы бір кесек туындыны көп жұрт роман деп атайды.

Бұл атау тегінде сөз болып отырған шығарманың реалистік сипатына тереңрек мән бергендіктен туған болуы тиіс.

Бір жағынан ғашықтар жөніндегі поэмаға ұқсаған, екінші жағынан эпистолярлық шығармалардың ерекшеліктерін мол танытатын бұл кесек еңбегін Сұлтанмахмұт 1914 жылы жазды. Шығармада көп мәселенің ашына, ащы үн мен қатал үкім тұрғысынан суреттелуі оның сол туу кезіне де байланысты тәрізді. Табиғатынан талантты, өткір, шыншыл, сезімтал ақын осы күрделі еңбегін жазу үстінде таяу тұрған ұлы күнді сезініп, одан өзіне күш-жігер, ақындық қуат алып отырғандай көрінеді.

«Қамар сұлу» романы Қазан алдындағы қазақ қоғамы және соған

лайық қазақ әдебиеті аса кең жоспарда көтерген түбегейлі үлкен тақырыптардың бірі – әйел теңдігі мәселесіне байланысты жазылады. Ғасырлар бойы күндікте, қорлықта келген қазақ әйелдерінің теңдік алу мәселесі ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында айрықша өткірлікпен, батылдықпен қойылған еді. Азды-көпті даму жолына түскен қоғамдық өмірдің өзі осыны ерекше талап етіп, мұны белгілі дәрежеде шешпей, жолға қоймай тұрып, дамудың өзі мүмкін емес болып көрінді. Сондықтанда болуы керек, қазақ ақындарының сол тұста бұл тақырыпқа арнап қалам тартпағаны жоқ. Әйелтеңдігі мәселесі әдебиетте өзекті тақырып болып ғана қоймай, сол кезеңнің даму сатысына сәйкес бірсыпыра демократиялық ой-пікірлердің де осы төңіректе көрініп, айқын әлеуметтік сипат алуына себепкер болды. Сұлтанмахмұт өз кезінің осы күрделі тақырыбына ең алдымен лирикалық өлеңдері арқылы көп замандастарынан бұрын барып, үлкен ой-пікірлер білдірді, көркемдік шешімдер, жаңа туындылар жасады. «Қай қыз бар бұл қазақта теңге жеткен, бәріде жылай-жылай кемге кеткен»,-- деп күйзелді, қазақ қоғамындағы кеңестік салт-сананы батыл сынады. Ақын «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Маңайымнан әрмен кет», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам» тәрізді өлеңдерінде қазақ қыздарының басындағы трагедиялық халдың әлеуметтік сырын терең аша түсті. Сұлтанмахмұттың әйел теңдігі

тақырыбын айқын реалистік сипатқа жеткізе, шын суреткерлікпен бейнелеген саласы – поэма, роман тәрізді күрделі жанр саласы болды. Бұл ретте ең алдымен «Қамар сұлу» романын атау абзал.

«Қамар сұлу» тәрізді түрі мен мазмұны ұтымды астасқан, қоғамдық өмірдің кертартпа сипатын өткір әшкерелейтін уытты реалистік шығарманы бір ғана әйел теңдігі мәселесінің төңірегінде ғана тану, әрине, сыпайы айтқанда жеткіліксіз болар еді. Өз заманының үлкен шындығын бар дауыспен байыпты баяндайтын осы бір ірі туындыда әйел теңдігі тақырыбы қоғамдық өмірді кеңінен суреттеудің кілті, соған апаратын жол есепті қызмет атқарады, тарихи кезеңнің қат-қабат сырлары осы бір тақырыптың айналасында түгелдей өрбіп, өздерінің әрқыйлы жайларын бар ерекшеліктерімен терең айқындай, аша түседі.

Романда төңкерістен алдыңғы қазақ ауылының бүкіл жай-күйі,

тіршілік әрекеті, өмір салты, негізгі қайшылықтары бір-біріне қарама-қарсы екі дүниенің, өмірге екі түрлі көзқарастың адамдары арқылы суреттеледі. Ақын бұларды екі ұрпақтың ішінен таба біледі. Бірінші ұрпақтың уәкілдері романда Омар, Оспан, Қалтан, Нұрым, Әбділдә ишан арқылы бейнеленсе, екінші жаңа жас ұрпақ Ахмет, Қамар, Қасендермен қатар ауыл өмірінде ас ішіп, аяқ босатқан, еріншек, бойкүйез, қызқұмар, бозбалалар арқылы көрсетіледі.

Романның негізгі кейіпкері – Қамар төңірегінде бір алуан ұтымды да шыншыл ұнамды, ұнамсыз образдар тобын көреміз. Қоғамдық өмірді кеңінен тану ерекшеліктеріне сүйеніп, бұларды типтік жағдайда дәл және тапқыржасалған бейне деп айтуымызға болатын тәрізді.

Негізгі бөлім

I. «Қамар сұлу» романындағы дәуір шындығы

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде қазақ өмірінің сан алуан кырларын шындықпен бейнелеген елеулі шығармалардың бірі- Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы болып есептеледі. Демократтық бағыттағы әдебиеттің ірі өкілі өзінің 1914-жылы жазған бұл шығармасында ислам діні мен қалың малды, ескі әдет-салттарды XX ғасыр бас кезіндегі қазақ қоғамының шындық бейнесін реалистік тұрғыдан батыл бейнелейді.

«Қамар сұлу» романындағы қазақ әйелінің қал-жайы, еркіндігі теңдігі туралы тақырыпты жазу, шешуде XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларында екі түрлі көзқарас концепция болды;

Бірқатар ақын-жазушылар қазақ арасында әлі бектік-ескілік қалып сарқыны, ескілік заңы тіпті күшті. Ол жағдайда еркіндікке-сүйгеніне, теңіне тиуге, теңдік алуға талпынған қазақ әйелі ол мақсатына жете алмайды; өледі, ескілік құрбаны болады деп біледі. Сондықтан бұл ақын, жазушылар роман, повесть, поемаларын солайбас кейіпкерінің өлуімен аяқтады.

Бірқатар ақын, жазушылар рас, қазақ арасында бектік-ескілік қалып сарқыны, ескілік заңы күшті. Бірақ сонымен қатар қазір қазақ арасында көріне бастаған, өсіп келе жатқан жаңалықтар да бар; ескілікке қарсы тұра алатын, арпалысып, оны жеңе алатын жаңа күш бар деп білді. Сондықтан бұл ақын, жазушылар роман, повесть, поемаларын солайбас кейіпкерінің ескілікті жеңіп мақсатына жетумен аяқтатты.

Соңғы көзқарасты, концепция ұстаған ақын, жазушылар шындыққа жақын еді, өмір заңын, заман жайын, өз тұстарындағы қазақ тұрмысындұрыс аңғарып, дәл түйген еді. Осыдан олардың шығармалары да шындыққа сай, жарасымды, көңілге қонымды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров алғашқы көзқарасты концепцияны ұстады. Өзінің «Қамар сұлу» романын оның бас кейіпкері Қамардың өлуімен

аяқтайды. Содан оның романындығыбір қатар негізгі оқиғалар мен тартыстар жасанды, нанымсыз, ұнамсыз кейіпкерлері анық, жігерлі болып шыққанда тіпті ынжық, әлсіз болып шыққан.

Қамар образы биік адамдық тұлғасымен көрінген типтік образ. Ол өз өлімімен-ақ жиіркенішті салттарды табынымен таптап әшкерелеп кетті. Автордың дәлелдеуінше, мұның барлығы Қамардың оқығандығынан, көзі ашық, зиялылығынан. Яғни Қамар өзінен бұрынғы қыздардай «етімді шал сипаған құрт жесін деп», бірден өзін өлімге айдайды. Сондай-ақ Айша (С.Сейфуллин «Айша» повесі) Ғайша (С.Көбеев «Қалың мал») романы сияқты көздеген мақсатына жетуіне көмек беретін берік таяныш Әбіл, Әлкей, Бірке, Серғазы Қамарда жоқ есебі.

Романның бас жағында ағасы Хасен де, әкесі Омар да, сүйген жігіті Ахмет те бәрі Қамардың ең жақын адамдары, тірек-таянышы, тілекшісі бейнесінде көрінген-ді. Бірақ, Хасен оқуға кетіп қалады. Ахмет қайғыға шыдамай, ол да кетеді. Жалғыз Омардың қолынан не келеді?! Ол да кейнінен бай ағаларының айтқанынан шыға алмайды.

Сол сияқты Қамар Ғайша сияқты «Құдай салды мен көндім» деп отырмайды, қашып та кетпейді. Ал, Ғайша бас бостандығы үшін неден болса да тайынбайтын, өзінің теңіне қосылу үшін нелер қиындық кездесе де, бет бұрмайтын, белін бекем буған қазақ қызының образы. Ал, Қамар өз басы саудаға түсіп жатқанда, бір ауыз қарсылық білдірмейді. Әкесі сұратып жібергенде де мұнын айтпайды.

Жасқаншақ демекші романды зерттеген әдебиетші ғалымдардың көпшілігі (Т. Нұртазин, Б. Кенжебаев) Ахметтің, сонымен бірге шығармадағы өзге жаңа адамдар образын солғын жасаған, олар ынжық, жасқаншақ болып келген де, оның есесіне үстем тап өкілдері қажырлы-қайратты болып кеткен деп көрсетеді.

Пікіріміз дәлелді болу үшін біз Ахметті С.Көбеевтың «Қалың мал» романындағы Қожаш, М. Сералиннің «Гүлкашима» поэмасындағы

Баймағамбет, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі Әбдірахман образдарымен салыстыруды жөн көрдік.

Ахмет басындағы теңсіздіктен Әбдірахман да, Қожаш та, Баймағамбет те құралақан емес. Және бір ескеретін қызық жәйт-оқыған, парасатты бұл жігіттердің бәрінің тегі кедей болуымен бірге олардың қай-қайсысы да кәрі ата-аналарының жалғыз балалары.

«Қамар сұлу» романындағы Ахметке қарағанда, «Шұғаның белгісіндегі» Әбдірахманның көзқарасы терең, мақсаты айқын. Әбдірахман сүйгені үшін күресуге де даяр. Ол Ахмет сияқты «көз көрмеске» кетіп қалмайды. Қайтсе де сүйген қызы Шұғаға үйленуге тырысады. Мысалы, Әбдірахман Қасымбекке: «Мына хатты Шұғаға жазып отырмын, менің ойым Шұғамен көңіл қоссам, алып қашып кету еді, болмаса, мың жылда Есімбек маған қызын бермейді де, және оған беретін менде мал да жоқ», - дейді.¹

Ал, Ахмет осындай сөзді айтып, осындай іске барып па еді? Әрине, жоқ. Бірақ Ахметте Қамарды алып қашу жайлы ой болғанмен де, өз махаббатын сыйлай білетін ол Қамардың айтқандарын (шыдайық тілімді алсаң, қараланбай, досқа күлкі, дұшпанға таба болмай, өтейік бұл күйікпен арманда боп, тағы да жара үстіне жараланбай) тыңдамасына лажы болмас еді.

Ал, Қожашқа келсек, ол-пысық, жігерлі, табанды жігіт. Тіпті, Қожаш Ғайшаны азуы алты қарыс Тұрлығұлдың үйінен алып қашып кетеді.

Малы жоқ кедей жігіттің мұндай батыл әрекетке баруында оның достарының көмегі зор, яғни Қожаш төңірегінде Әлкен, Жүніс, Бірке, Серғазы секілді Тұрлығұлға қарсы ашынған бір топ қорғаушы адамдар тұрды. Сондай-ақ М. Сералиннің «Гүлқашима» поэмасындағы Гүлқашима Баймағамбетті шын сүйсе де, қосыла алмайтындығын біліп, айттырған күйеуіне адал болу жағын ойлайды:

Айырылып аманаттан тұра алмаспын,

Шөп тастап, жар көзіне жүре алмаспын,- дейді ол.

Әбдірахманның Ахметке қарағанда, жаңа тұлға екендігін дәлелдейтін және бір мысал байлардың бәрі Әбдірахманға малың жоқ, кедейсің деп, қарсы келе бермейді. Айнабай сияқты қулық сұмдығы мол бай Әбдірахманды өзіне сүйеніш ету мақсатымен қызы Гүлзипаны оған бергісі келеді. Бірақ Әбдірахман Айнабай торына түспейді. Сол сияқты Әбдірахман мен Шұғаның қосылуына қарсылық білдіретін Жорға Нұрым, Тұрлығұл, Оспан би сияқты жауыз, жалпылдақтар атымен жоқ. Бір ғана қарсылық, кедергі бар. Ол да болса, әлеуметтік теңсіздігі еді, яғни Шұға бай ортадан шыққан да, Әбдірахман кедей.

Ал, Ахметті жасқандыратын, ынжық қылып отырған қандай күш? Ол күш қазақтың шіріген ескі әдет-ғұрып заңы еді. Сондықтан да ол осы салттың көздеген мақсатқа жеткізбейтіндігін мойындап:

О, дүние, іш жанды ғой, іш жанды ғой,

Амалсыз айтқаныңа көнем дағы,- дейді.

Жорға Нұрым секілді надан болыстар мен Оспан секілді қатыгез билердің билеп-төстеген ортасында Ахмет, әрине, әлсіз. Сондықтан да ол Қамарды құтқара алмайды. Сүйгені үшін күреске бел буып шығуға дәрмені де жоқ.

Романның соңында Ахмет жауыздық символы Жорға Нұрыммен айқасы стихиялы әрекет еді. Бұл қимыл ашу-ызасы әбден шегіне жеткен Ахметтің жауыздыққа қарсы тұруы еді.

Романдағы жастардың бас бостандығын аңсауы.

а) Қамар мен Ахмет бейнесі

Романдағы жарқын жасалған образдардың ішінен Қамар бейнесі ерекше жасалған биік адамгершілік тұлғасымен көрінеді. Ол- өз бақыты үшін, өзінің бас бостандығы үшін күресе білген, тағдыр ауыртпалығына төзе алатын, мойымайтын, өр мінезді қазақ қызы. Біз романның алғашқы бетінен-ақ көкірегі шұғылалы қуанышқа толы, жастықтың, махаббаттың, сұлулық пен сымбаттылықтың символы Қамармен танысамыз. Ал, романның алғашқы жолдарын автор осы сұлу Қамардың портретін, сырт болмысын суреттеуден бастайды.

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,

Балауыз балбыраған тәні қандай.

Ақыл, ой, мінез-көрік түгел келіп,

Толықсып толып тұрған сәні қандай.

Еріткен іші-бауырынды көзі қандай,

Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.

Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,

Жайтандап жан күйдірген кезі қандай!

Осылайша жазушы Қамардың әні мен тәнін, «ақыл, ой, мінез-көрік түгел келген» сәнін, әр алуан өнерін, сөзге шешендігін, ақындығын айта келіп, оны асқақ романтикалық бейнеде алады, өмірде өте сирек кездесетін қыз етіп суреттейді, тіпті оған ауыл бозбалаларының бәрін ғашық етіп қояды. Ал, Қамар олар үшін қол жетпейтін асыл. Автор мұны былай суреттейді:

Талайы бозбаланың болған ғашық,

Уай, шіркін, болсайшы бізге нәсіп.

Егерде Қамарменен тіл қағысса,

Құдай ұрып, жым болар қара басып.

Қамар-тек бозбалалардың ғана емес, ауыл адамдарының да бетке ұстары, қыздарының маңдай алдысы.

Ата-аналар да өз қыздарына Қамарды үлгі етіп көрсететін. Орташа шаруасы мен орысша сауаты бар ақылды әкесі мен ағасының арқасында Қамар бұлғақтап еркін өсіп, жасы он беске жетеді. Автордың баяндауына карағанда оның аузы барғанша сөйлеп, аяғы барғанша жүруге, өзінің қалаған теңіне де қосылуға мүмкіндігі бар сияқты. Бұл кезде баяғы өзіне телміріп жүрген бозбалалардан «хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жыртып, кейбіреулерін өзінің шешендігімен жебедей жерге беруші еді». Сонымен бірге, Қамар-өткір де тапқыр, шешен қыз. «Егер де Қамар-менен тіл қағысса, Құдай ұрып жым болар қара басып», - деп жазушы оның ешбір жанды беттетіп көрмеген қыз екендігін, өткірлік, тапқырлық сипаттарын толықтыра түседі.

Қамар өзіне жар боларлық адам деп бай-мырзалардан, сұлулардан таңдамай, өздеріне жақын Сарбас ауылында тұратын, оқыған-тоқығаны мол, ақылды кедей жігіт- Ахметті таңдайды. Бірақ ойында бүкпесі берілмейді. Сезімін ақылға жеңдіріп, алды-артын ойлайды, жалған күйректікке түспейді. Өйткені Қамарды ойландыратын, толғандыратын үлкен екі түрлі кедергі бар. Мұның бірі- Жәукелер Омарлармен рулас, яғни ағайын-туыс, әрі Ахмет Қамардың туған ағасындай болып кеткен. Себебі Ахмет жастайынан Қамардың ағасы Хасенмен бірге оқыған, Жаны бірге досы, құрдасы. Енді бірі ең басты кедергі- екеуі екі таптың адамдары; Қамар- байдың қызы да, Ахмет-кедейдің баласы. Қалың мал берерлік Ахметтің тұрмысы нашар; беретін малы да жоқ. Қамарды алып қашуға көрмектесер, ат салысар ағайын- туғаны да жоқ.

Қамар сол қоғам жағдайында екеуінің қосыла алмайтындығын, қала берді қалың малсыз қыз бермейтін қазақтың озбыр әдеті мен опасыз салтының бар екендігіне еріксіз көз жібереді. Ахметтің де қалың малсыз Қамарды ала алмайтынына көзі жетеді. Бірақ сонда да оған хат жазып

жібереді. Осы хатты алған Қамардың ішкі тебіреніс, психологиясын, сыртқы кескін-келбетін көрелікші: «Қамар хатты оқып болған соң бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне сыймай, не ашу емес, не қуану емес, белгісіз қысылып, қарап тұрып бір тынышсыздыққа қалды. Мұнан соң қайғы басқан кісі секілді әр дайым мұңайып, ойланып жүретін болды. Бұрын таңның атқанын, күннің батқанын білмейтін Қамар бір о жағына, бір бұ жағына аунақшып, көрер таңды көзімен атқызатын уақыттары да болып жүрді. Себебі бір жағынан Ахметтей ақыл-ой, парасатты тең жігіт табылмайтынын ойлап, бір жағынан әке-ағаларының Ахметті кедейсініп бермейтіндігін ойлады, түпкілікті болмаған соң, құр біраз күнге әрі-сәрі әуреленіп қалудың ретін тағы таба алмай, жатып-тұрып сандала беруші еді».

Басына осындай қайғы түскен Қамар қаламынан Сұлтанмахмұт мынадай өлең шығартады:

Ай, құдай, жасты жасқа пар қылғаның,

Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,

Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның.

Біреуге Аплатондай білім беріп,

Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның...-деп Қамар өзінің өскен ортасына, халқының әдет-ғұрпына наразылық білдіреді.

Малы бар адамдарды, ақылсыз жандарды бақытты етіп, Аплатондай білімді жандарды қор етіп қойған «Қазақтың қара ғұрпына» қарғыс айтады.

Енді Қамар Ахметке бірден құлап түспей, жайлап түсіндірмек болады.

Құп алдым ықыласыңды замандасым,

Белгілі сенен жақсы таба алмасым.

Сонда да үмітіңді үз, менен түңіл,

Доп емес әркім қағар менің басым...- деп екеуінің қосыла алмайтындығын, мүмкіндік жоғын, болмаса өзінен басқа ешкімді сүймейтіндігін айта келіп, менен үмітіңді үз, менің әркім қағар, әркім теуіп кете беретін доп емес деп көңілін суытпақшы болады.

Романдағы Қамардың: «Ахметті сүйемін-ақ, сүйгенім үшін осынша күйемін-ақ, ал енді шыдамадым, қараландым»- деп басталатын монологы арқылы біз оның өз заманының әділетсіз әдет-ғұрпына, қатал тәртібіне», оңға баспай, солға басқан қазақтың қара ғұрпына» деген наразылығын көреміз.

Көп кешікпей Қамар Ахметке соңғы қоштасу хатын жазып жібереді. Мұнда мүмкіндігі болса өзіне бармай қалмайтындығын, тіпті өзінен басқа ешкімді сүймейтіндігін, әрбір хатына жауап беріп, өзі теңі болса да малының нашар екендігін, Ахметтің ту биесі мен қара сабасы болмаған соң өзін бермейтіндігін айта келіп;

Бейшара-ау, шырт түкірініп жатпас па едің,

Қымызды ішіп, насыбайды атпас па едің.

Шіреніп маңғазсынып, маңызданып,

Лепіріп ақыра сөйлеп шатпас па едің?

Ағайын айдыныңа ермес пе еді,

Жиылып жалпылдақтар келмес пе еді?

Аузыңнан шықса, «Құдай берді ғой» деп,

Өзі іздеп, мені саған бермес пе еді?- деп Ахмет бай болғанда дүние-мүлік, жасауы мол болғанда, ағайындардың өздері-ақ сені іздеп келіп, мені саған берер еді, бізді мақұлдар еді. «баламның бақыты ашылды, жайлы орынға кезікті» деп бәрі жиылып келіп, тақылдар еді»,- дейді. Феодалдық ескілікке шырмалған адамдар санасындағы осындай сорақылықты бұдан асырып сынау да, бұдан асырып әшкерелеу де мүмкін емес.

Сонымен бірге, Қамар өзінен кейінгі оқыған қазақ қыздарына кесапатын тигізбеуді де ойлайды.

Көрініп көзге түссе осы хатым,

«Оқыды» деген бар ед менің атым

«Қызды оқытпа, оқытсаң мынау ғой»- деп;

Кейінгіге тимей ме кесапатым,-дейді ол. Осы төрт жол өлеңнен-ақ ізгі ниетті парасатты жанның кейінгі ұрпаққа деген адал ниеті, асқақ адамгершілігі, өзінен соңғылардың білімді болып жетілісуіне иненің ұшындай болса да өзінің зиянын тигізбеуді ойлайды, осыдан оның ақ жүректілігі ерекше көзге түседі.

Қамар бұл хатты жазарын жазса да ұмыта алмайды, Ахметтің өзіне жазған соңғы хатын ауыл бозбалалары қолдарына түсіріп, қыз ағасы Хасенге апарып береді. Ол аздай-ақ ауыл арасына өсек таратады. Мұны естіген Қамар әбден қынжылады, жүдеп те кетеді, ауыр күйзеліске түседі. Сорлы Қамарға бұл күнді де көп көріп, әйелі өлген болыс Жорға Нұрым айттырып келеді. Тіпті ол әйелінің тірі кезінде тоқалдыққа алғысы келіп жүрген-ді. Ал, Қамар Нұрымды мейлінше жек көреді. Айттырмастан көп бұрын Қамарға көңіл қосайық деп сөз айтқан Жорға Нұрымды мазақ етіп, Қамар мына өлеңді шығарған еді:

Ататай, болдым ғашық мұрыныңа,
Көк бурыл иектегі құырымыңа,
Кірпідей аяқ-қолы жиырылған,
Қосылар күн болар ма тұлыбыма?

Солай етіп Қамар басындағы қайғылы хал өрши түседі. Омар жоқ кезде-ақ қалың малын «қамқор ағалары» келісіп қояды. Той өтіп жатқан кезде Қамар Нұрыммен бетпе-бет отырып, оны әшкерелейді.

Айтайын шын сырымды ауызба-ауыз,
Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз.

Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұқсырға,

Дәрі емес мал секілді малды жауыз,- деп үйден шығып кетеді. «Бір минут тұра алмаспын сеніңменен» деген сөзінен өле-өлгенше еш таймайды. «Бір өлем, күнде өлгенше саған тиіп»-деп өлмелі шалға бармау үшін өлімге де дайын екендігін білдіреді.

Бірақ ол заманда атқаны тиіп, айтқаны келіп отырған Жорға Нұрым Қамарды өз сыбайластырын жіберіп, «ұрлатып» алдырады. Қамардың түнгі арпалыста бөренеге басын соғып, миының айналуын Нұрым айналасындағылар өтірік көлгірсу деп ойлайды. Шынында, оқиға барасында мұның өтірік көлгірсу емес екендігіне көзі жеткен Нұрымның маңындағылар бұның барлығы Ахметтің дуалауынан болып жатыр деп ұғады. Сонымен, Қамар көп кешікпей басқасы-балгерлердің ем-домынан қайтыс болады. Бірақ ол жай өліп кетпей, қолынан келгенінше дүлей күшке, жауыздық пен зұлымдыққа қарсы күресіп кетті.

Қамардың басында романтикалық және реалистік қаһармандарға тән мінез-құлық, іс-әрекеттер көп кездеседі.

Сайып келгенде, Қамар өзінің бүкіл іс-әрекетімен, мінез-құлқымен, ақыл-ойымен, дүниеге дұрыс көзқарасымен төңкеріс алдындағы қазақ қызының типтік бейнесін танытады. «Көркем әдебиеттегі ұнамды кейіпкер өзі өмір сүрген дәуірдің ең үлкен шындығын бойына жиған, өзі тіршілік ететін әлеуметтік ортаның ең жақсы қасиеттері бойынан табылса керек», - деп З.Қабдолов өте орынды айтқан. Себебі Қамардың тағдырын ХХ ғасыр басындағы қазақ әйел-қыздарының бәрі де бастан кешірген. Сондықтан Қамар образы арқылы жауыздыққа жаны қастықтың, беріктіктің тамаша үлгісін көрсетіп берді.

Біз жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Қамар басында романтикалық қаһарманға тән іс-әрекеттер кездеседі.

Бұрын қазақ қыздары ата-анасының берген жеріне жылап-сықтап күң орнына жұмсалып, құлға айналып кете барса, Сұлтанмахмұт өзінің осы образы арқылы сол кездегі қазақ қыздарының санасының күн сайын өсіп, рухани күш алып қарсылық білдіретін шағына жеткенін асқақ романтикалық леппен сөз етеді.

Шынында да, Қамар өзінің жасап жатқан ортасына, қоғамына риза емес, қалың малға барынша қарсы. Сүйгеніне баруды қалайды. Ескі ғұрыптарды

мейлінше жек көреді. Оған қарсы қолынан келгенше әрекет те етеді. Бірақ ойындағы мақсатына жете алмай, құсалықпен қайтыс болады.

Қамардың: «Мейлі доңыз болсын, қоңыз болсын, малдыны кісімсітіп, паң қылғаның»- деген сияқты сөз айтуы ақын қиялынан туған Қамар ғана айта алатын сөз.

Қамар образын романтикалық образ дегенде ерекше көңіл аударалық өзгешеліктер бар.

1.Қамардың барлық нәрседен хабары болуы; ән шығаруы, өлең айтуы, сауатты болуы, дүниеге дұрыс көзқараста қарауы, таптық көзқарасы, алды-артын болжай білетіндігі, ақылдылығы т.б. қасиеттері бар. Яғни Қамар өте сирек кездесетін жан.

2. Оның барлық іс-әрекеттері, сөздері, романтикалық қаһармандарға тән.Мысалы: «Қой,... Ахметті күйдіріп, кәрі әке-шешесісінің обалына қалмайын, бірдеңеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой... Өмір бойы өзім түскен азапқа ол түспесін...» деп ойлауының өзі Қамардың кіршіксіз адал махаббат иесі екендігін дәлелдейді.

3. Қамар мейлінше қайсар, табанды, айтқанынан таймайтын өжет, сөзіне берік жан. Мысалы: Жорға Нұрым жалдамалы ақынға өлең шығартып Қамарды қорқытпақ болғанда, ол сертіне беріктігін мына өлең арқылы дәлелдейді.

Бір өлем, күнде өлгенше саған тиіп,
Кетемін келмес жерге жаным қиып.
Ол жерден ала алмассың, бара алмассың,
Болыспын деп айқайлап кісің жиып.

Әрине, мұнда романтикалық қаһарманға тән өжеттік,қайсарлық, бір беттілік, құлай берілушілік бар
Бармаймын матасаң да байласаң да,
Кәрі итті алтын жағып майласаң да.
Өлемін осы арада оны көрмей,

Көнбеймін бұғаулатып айдасаң да,- деп сөзіне беріктігін, табандылығын көрсетеді.

Жазушының Қамар образын жасауда ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланғандығын байқауға болады. Мысалы, Қамардың портретін жасауда, мінездемесін беруде бұл айқын көрінеді. Қамар еш мінсіз; сұлу, ақылды, білімді, парасатты, данышпан қыз, яғни төрт жағы құбыла, әрі өте сирек кездесетін жан. Қамардың портреті ертегілердегі, батырлар жырларындағы сұлу қыздардың жансыз бейнесін көз алдына елестетеді.

Қамар тек романтикалық образ ғана емес, сонымен бірге, оның басында реалистік образдарға тән іс-әрекеттер де байқалады. Мысалы, Ахметтің Қамарға жазған соңғы қоштасу хаты ауыл бозбалаларының қолына түсіп, өсек сөздер дүрілдеп тұрған кездердегі оның жан-күйзелісі, жалаға ұшырап еңсесін көтермей жүруі, Омар мен Хасенге ауыртпалық түсетініне көзі жетіп, Омарға «жалғыз өзің көпке топырақ шашасың ба» деп басу айтуы, Бәйтiк молда нексiн қиятын сәттегі Қамардың мұңын шағуы, Бәйтiкпен айтысқа түсуі, Нұрым есігінен зорлықпен аттаған күннен бастап, бақсы-балгерлерден көрген азап-ақыреті, мола басында Ахметпен кездесуі- бәрі де реалистік әдісте суреттелген.

Сонымен бірге, Қамар образы трагедиялық образ. Өйткені роман басты кейіпкері Қамардың өлімімен аяқталады.

Қамар бас бостандығын қорғау мақсатында нелер азапты бастан кешпеді?! Сонда да ол адамдығымен адалдығын сақтап қалды.

Қорыта келгенде, Қамар образы өз бойына ХХ ғасыр басындағы қазақ қызының сипатын, ондағы халық тағдырын, қыздарының тағдырын, олардың арман-тілегін өз бойына сыйғызған образ.

Қамардың нұрлы да нәрлі образын Ахмет образы толықтыра түседі. Ахмет- шаруасы шағын, қолы қысқа, ауызы асқа жарымаған кедей Жәукенің баласы. Романда Ахмет бейнесі былай сипатталады. «...Ахметтің ақыл-ой

зеректігінің үстіне сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш ақын, жарып салма өткір еді...

Бірақ Ахметтің Қамар сияқты «Қамқорлық ететін, көмегін аямайтын, ауылдың игі жақсылары аталатын, Оспан би, Қалтан қажы сияқты бай туысқандары да, таяныштары» да жоқ еді.

Ахмет те өзіне тең, ақыл-ой зеректігі жағынан қатар адам деп Қамарды таниды. Қамарға шыдай алмай мынадай хат та жазады.

Көп жүрдім шыдайын деп іштен жанып,

Кейде олай, кейде бұлай ойға қалып.

Амалсыз арды түйіп, қалам алдым,

Кеткен соң ғашық оты бойымды алып, - деп, өзінің ғашық екендігін білдіріп хат жазады. Әлденеше рет хат жазса да, Қамардан «менің басым бос емес, менен түңіл» деген хат алып, өзінің кедейлігіне налыс білдіреді.

Малдылық, маскүнемдік, қарны тоқтық,

Деуші едім неге керек сыпыра боқтық.

Қазақтың қаны-жаны сонда екен ғой,

Діңкемді құрттың міне, әттең жоқтық,- деп, қолының қысқалығына, адамгершіліктің, махаббаттың малмен, байлықпен өлшенетіндігіне ызалана қарайды.

Қамар соңғы хатында екеуінің қосыуына ешбір мүмкіндік жоқ екендігін білдіргенде, өз махаббатын қадірлей, сыйлай білетін Ахмет Қамардың жайын түсініп, қоштасу хатын былайша жазып жібереді.

Қамаржан мен күйемін сенің үшін,

Әрине, сен күйесің менің үшін.

Ғапу қыл, байқатпайды ғашық оты,

Азғана күн әурелен деген ісім...

Елуде жасы шыққан шалға бар ма!

Малды деп, маңызданған малға бар ма! –дей келіп, Қамарға бақыт тілеп қала береді.

Жорға Нұрымның Қамарды айттырғанын есітіп, ол қатты қиналады. Ахметтің шықпаған жаны не сәні жүр дейсің, мынау зұлымдықты көргенше қаңғып өлейін деп, оқуды сылтау қылып, екі жүз шақырым жердегі шәһарға кетті»

Біз мұнан кейін Ахметпен шығарманың аяғына кездесеміз. Қамарды Көңілбай бақсы мен Жорға Нұрым айналдырып, зираттатып жүргенде, Ахмет пен Омар келеді. Қамардың жүдеп кеткендігі сонша, оны Ахмет бірден танымай қалады. Автор осы бір сәтті: «Ой пірім, Алла-ай, мынау Қамар ма? Қамаржан ба, қалқажан ба, шын сол ма,-деп жүгіре барып, жастығыменен қабат құшақтап, өкіре құлай кетті»,- деп суреттейді.

-Апырай-ай!- жан дәрмен Ахметтің неғып қолы тиіп қалғанын білмеймін,

-Бүйтіп аяған жанның, деп салды пышықты бақсыға, жығылған жерде теуіп-теуіп тастап ұмтылды Нұрымға, қолының ұшы тиер тиместен-ақ оны да қызыл ала қан қылды»

Бұл қимыл ашу ызасы әбден шегіне жеткен Ахметтің соңғы қимылы еді: «Қарағым, Қамар, міне сен үшін жаным, қасықтай қаным қош! деп, жүгіріп есіктен шыға берген кезде, алдынан қатарыменен екі сойыл тиіп, Ахметтің бұл дүниенің залым тұрмысынан ары қарай арманда көшіп жүре береді.

Қысқасы, Ахмет образын сом жасалған биік тұлғалы образ деп атауға болмайды. Өйткені, автор оны тек Қамарға байланысты жерлерде ғана көрсетеді. Әрі өте жасқаншақ, сүйгені үшін күреске бел буып шығуға дәрмені де жоқ.

Қорыта келгенде, Сұлтанмахмұт Торайғыров Ахметтің өлімі арқылы оқысаң да, оқымасаң да бәрі бір, кедей болсаң болды, билеп-төстеген заманда арманың орындалмайды, тілегіңе жетпейсің демекші.

II. Нұрым мен Қалтан кажылар әрекеттері

Үстем тап өкілдері «шынжыр балақ, шұбар төстер» әйел еркіндігінің қас дұшпандары. Романда олар халықты қараңғылыққа, надандыққа бастаушылар болып суреттеледі. Жазушы үстем тап өкілдерінің образдарын бейнелеу арқылы олардың өмірін, іс-әрекетін, мінез-құлқын ашық көрсетеді. Олардың халыққа істеп отырған озбырлық қиянаттарын бір жағынан өздерінің іс әрекеттері арқылы көрсетсе, екінші жағынан тура өз атынан айтқызып, «улы сия ащы тілмен» түйреп отырады.

Романдағы озбырлар бейнесінен жан-жақты, аса айқын суреттелгені-Жорға Нұрым образы. Ол төре тұқымынан шыққан, хан тұқымдарымен құдандалы, азуы алты қарыс, қазақ қоғамының сол дәуірдегі ірі әкімдерінің бірі, обыр да озбыр байы, сол елдің болысы. Қамар сөзімен айтқанда, «малы көп, мал сияқты пасық қақпас» Жазушы оны оқырманға былайша таныстырады.

Халқыңды қан жылаттың, Жорға Нұрым,

Болдың ғой заманымда сорға, Нұрым.

Оспан деген жұтқышы тағы шықты,

Бара-бар қайтерсің, қайран күнім!

Мұның өзі Нұрымдардан азап, ақырет көрген, жапа шеккен зарлы-бейшараның өлеңі еді.

Бірақ Нұрым осылай халқын қан қақсатып, талап, жәбір-жапа көрсетсе де, автор шығармада оның топастығын да еш уақыт ұмыт қалдырмаған:

«...Құр Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, ауызы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық, бүйі секілді түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді», - дейді.

Біз Нұрымның осы портретінен ақ қандай адам екенін анық байқаймыз. Себебі адам портреті арқылы оның ішкі жан дүниесі де ашылады. Нұрымның жоғарыда көрсетілген портретін кім оқыса да, адам жиренгендей жексұрын, нағыз нысаналы жануар адамның келбеті көз алдына елестеп, ерекше әсер етеді.

Осы Жорға Нұрымның хан тұқымынан алған бәйбішесі қайтыс болып, Қамарды айттырады. Нұрымның әйелінің өлуі Қамарды-айттыруына қолайлы жағдай жасады. Нұрым бейнесі Қамарға байланысты романның өн бойында онан әрі ашыла түседі.

Шығармада тек Нұрым емес, оның сыбайластары-онымен ымы-жымы бір, Омардың туған ағалары- Оспан би мен Қалтан қажы.

Қалтан қажының қаталдығы мен қатыгездігін, тойымсыздығы мен жебірлігін Ахметтің Қамарға жазған хаты ұсталған кезде байқалады. Ол ескілікті мықтап ұстаушылар болғандықтан, адамды аяу, абыройды ойлау - бұлар үшін жат нәрсе.

Қалтан Қамардың болашағын ойламайды, керісінше Омарды көндіріп, Жәукенің малын талап алуды, Ахметті он сегіз ай абақтыға жіберуді ұйғарып, «кенегесіне» тіркеп қояды. сөйтіп өздері осы даудан пайдаланып, жемсауларын тойдырып, пайда табудың жолын іздейді.

Қалтанның сиынатын құдайы да, сүйенетін тірегі де-осы Жорға Нұрым. Олар Нұрымның Қамарды айттырғанын қуана-қуана қабылдайды. Жазушы бұл жайды Оспанға өзінше Жорға Нұрым секілді дәрежелі кісінің күйеу боламын дегені құдайдың көктен айдап түсірген жақсылығы еді. Шылқымайға кірдім ғой деп, мұртынан күліп, тіпті бұрынғы ма, төбесі жайлау, төсі қыстау болып, есі шығып, еліріп кетті»,- деп көрсетеді. Автор осы арқылы қатыгез жандардың нағыз құлқын құмарлығын, атаққұмар, даңққұмарлығын мейлінше ашы тілмен аяусыз мысқылдайды.

Олардың Қамарға «қамқор» болып жүргенімен, ішкі қулық-сұмдығы да болатын. Қамарды Нұрымға берсек, біздің елді басқаруымызға үлкен тірек,

таяныш болады деп ойлаған еді. Сондықтан «Қыдырдың бетін қайырмай»... «Құдай жазса, сізден артық кімге береміз деп»,- жағымпазданып, асты-үстіне түседі.

«Оспан көнбеген Омарға ақыл айтты:

-Мені өтірікші қылып өлтіретін жерің де, көметін жерің де осы. Қияметке дейін көріспей, азып-тозып әркімнің ауызында кететін жеріміз де осы. Бар, қай таңдағаныңды ал. Қабырғана кеңес, қатыныңа да кеңес!-деп тұрып кетті.

Ал Қалтан қажы «орысқа беріп, сүйегіме таңба сала алмаймын, қақбастан салып жіберейін бе?»-деп тұра ұмтылады.

Әрине, бұл жерде Оспан мен Қалтанның зымияндығы мен айлакерлігі Нұрымнан да асып кетіп тұр. Қамардың көз жасына, қайғылы халіне, ең соңында өліміне де- Оспан мен Қалтан айыпты. Себебі, құда болуға келіскен де- осылар, қалың малын алған да осылар, басып алып кет деп үйреткен де осылар, осы екеуінің істері.

Сол бір ескі Нұрымдардың айтқаны айтқан, дегені деген еді. Себебі ол біріншіден, ескілік ережелерге, әдет-ғұрып заңдарына, екіншіден, сол кездегі патша өкіметінің қазақ даласына жіберіп қойған чиновниктеріне арқа сүйеді. Ал бұлар сірә да Нұрым сияқты малды жолдас қылатын тоңмайындардың правосын қорғаушылар болды. Осы той болып жатқан кездегі Оспан биіміздің қимыл-әрекетіне көз жіберелік: «Оспанның да құйрығына қыл батпай, Нұрым ыңыранған сайын бетіне қарай түсіп, жаны шыға жаздап, құр анау үйден мынау үйге кезекпе кезек жүгіре береді»,-дейді.

Ал Қамар молдамен айтысында Оспанға көз жасы мен қарғысын жаудырады:

Талансын дауға малы, жауға басы,
Қиылсын қырық буыннан қыршын жасы.
Осының бәрін қылған Оспан ағам,
Жібермес, құдай білер көздің жас...

Қамардың бұл қарғысы тек Оспан биге ғана тиісті емес, өз дәуіріндегі барлық Оспан сияқты қатыгез де мейірімсіз шонжарлардың, би-болыстардың барлығына да тиісті қарғыс еді. «Иттің ауызы бәрі көрсе бірігіп» дегендей шартарапқа жайылған бұл үш кейіпкер де оқыған жастарды ұнатпайды.

Нұрым Қамарды зорлап әкеткеннен кейін Қамар ауруға шалдығады. Чахотқа болып, қан-сөлден айырылған Қамарды жұрттың бәрі аяп, мүсіркеп, түрлі ем-домдар айтады. Әрине, мұндай ауруларды ол кезде қожа-молда, бақсы балгерлер емдейтін-ді. Нұрым аяқ жетер жерден оларды шақыртып алдырып, Қамарды емдете бастайды. Емшілердің кейбіреулері «басында дуа бар, қайсы бірі тіл-сұқтан бірдеңе жабысқан, басын айналдырып тұратын сол деп, қайсысы тіпті дәнеңе де емес, жастық, мастық деп, Ахметпен желігіп аруақты қорлағандай болды ғой, кешегі қара шаңырақтағы жарықтық баба Құттымбектің аруағы тегін дейсің бе? Сол аруақ мұны тауып жатқан.

Әне, Омарды соқты ма, тағы қарап тұр, Ахметті де соғады. Зиратқа түнетіп, шырақ жағып, құрмалдық союға керек», - деп суреттейді автор. Осы айтылғандардың бәріне Нұрым барынша сенеді. Тіпті сүттей ұйып: «Пәлі, пәлі, тіпті жөні бар, аруақ асыға ма, саса ма,? Біз ұмытсақ та жарықтық жебеп-желеп жүреді ғой,-деп арқасы шымырлап кергіп, тез мола басына түнетіп, талай ай мүйізді, аша тұяқтыларын құрмалдық қылып, жамбасы мен терісін емдеушінің өзіне ұстатса да жазыла алмады».

«Қамардың басын айналдырамыз, сені сүйдіреміз» деп алдағандарға да Нұрым сене береді.

Бұл үзінділердің бәрі де Нұрымның надандығын, жоққа сенушілігін дәлелдейді. Оның барынша дінге сенетіндігін, алды артын ойламайтын ақылы келте екендігін, қара басының еш нәрсеге татымайтындығын мына сөздерінен көруге болады:

«Нұрым тек ауылға шалма ораған біреу келсе, қырықтың бірі қыдыр еді, лепесі қабыл болмас па екен?,-деп, жанына мейіз, тағы сондай тәтті нәрселер салып, жүгіріп үшкіртіп жүруші еді. Ишанның аурудың бәтшағар

дұшпандарын күйдіреміз дегеніне сеніп, «Енді аурудың иесі күйді, жазылады», - деп қуанышы қойына сыймайды.

Сол сияқты Қамарды көруге келген Ахметке:

«Тұр, шықшы, сүйреп шығарындаршы! Қарашы мұның сығандығын, аярлығын... дуаны қылып-қылып сиқырлап, міне бір кісіні өлтіріп отырсың, сөйтіп монтансығаныңмен сенен соның өшін алмай қоятын шығармын. Өзің не істеп жүргенінді білемісің, бәлем, осы сен кімді басынып жүрсің? Байла, итті ашаға, орысқа апарып беремін», - дейді оған.

Бірақ Ахметтен өшін алатын сабаз; орысқа апарып беретін жауыз жорға Нұрым сол Ахметтің қолындағы пышақтан қызыл ала қанға боялып қала береді. Кескіні келіспеген Жорға Нұрым осылайша жаңашыл жастың қолынан өзіне тиісті жазынан алады.

Қорыта келгенде, бұл үш образдың үшеуі де сол кездегі өмірде кездесетін жауыздардың, рақымсыздардың, адам тағдырын тәлкек етіп, не бір жас жандарды бақытсыз еткен жыртқыштардың жиынтық бейнесі.

Мейірімсіз де майдашыл бұл адамдар жаңа бүр атып келе жатқан жас ұрпақтың келешегіне кедергі, аяғына оралған тұсау болды. Сондықтан да реалистік образдар. Автордың бұларды осылай мейлінше жексұрын етіп суреттеудегі мақсаты оқырман жүрегінде кек орнату, нәлет айтқызу еді, сұм заманның сұрапыл қылықты жандарының бет-пердесін ашып тастау еді. Ауыл арасында ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, түйені түгімен биені бүгімен жұтатын бұл адамдардың образын жасағанда, ақымақтығы мен алаңғасарлығын жазушы сатиралық сықаққа іліктіреді.

Әдебиетімізде қашан да үстем таптар сықаққа, улы сатираға нысана болып келеді. Көбіне олардың образы жан-жақты ашылмай, көмескі қалатын. Сұлтанмахмұт өзінің осы «Қамар сұлу» романында Жорға Нұрымның халыққа жасап отырған қиянатын, зұлымдығын ашып айтпайтын, тек оның жексұрын сиқын, адам төзбестік іс-әрекеті арқылы сатиралық образын жасаған.

Қорытынды

Сұлтанмахмұт Торайғыров XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әдебиетінің тарихынан маңызды орын алатын талантты ақын әрі жазушы болатын. Ол өз парызын ойдағыдай атқарып, өзінен кейінгі ұрпаққа «Кім жазықты», «Қамар сұлу» сияқты кең көлемді құнды романдар мен «Адасқан өмір», «Кедей» сияқты кең құлашты поэмаларын, көптеген лирикалық өлеңдері мен мақала, әңгімелерін өлмес мұра етіп қалдырған алдыңғы қатарлы, озық көзқарастағы қалам қайраткерлерінің бірі еді. Ол қолына қалам ұстасымен, жауыздық пен ескі, кертартпа салтқа, қараңғылық пен кертартпалыққа, арамдық пен топастыққа қарсы арпалысқан күреске түсті. Соншалықты, өте қысқа ғұмырын болашаққа ұмтылуға, ізденуге жіберді.

Туып өскен ортасының, дәуірінің шындығын, сырын танып білуге тырысады. Халықтың күн көріс, өмір тіршілігін, кедейлердің ауыр да аянышты тағдырларын өз шығармаларына арқау етті.

Сауатсыз халқын өнер білімге шақыратын «Жарлау» деген өлеңінде:

Қарасақ, басқалардың жастарына,
Өнер-ғылым толып тұр бастарында.
Өзіне от, жел, суды жалшы қылып,
Алланың сайран етер аспанында, - деп өзге елдің жастарынан үлгі, өнеге алуды үндеді. Осы тақырыпқа байланысты Троицкіде жүрген кезінде (1912ж.) көптеген өлеңдер («Оқып жүрген жастарға», «Оқудағы мақсат не», «Шәкірт ойы» т.б.) жазды. Ол жастардың еркін өмір сүруін қалайды, олардың өнер, білім үйреніп, туған халқының экономикасы мен мәдениетін дамытатын қажырлы да қайратты азамат болып жетісуін арман етеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров бетің бар, жүзің бар демей, ойындағысын тіке айтатын қайсар ақын болған. Ол өз шығармаларында дінді қару етіп ұстаған қожа-молдаларды өткір тілімен шенеп, қатал сынға алады. Олардың халыққа істеп отырған сұрқиялық әрекеттерінің бетін ашады. Сондай-ақ әйел теңдігі мәселесіне де ерекше назар аударып, көп әйел алушылықты, қалың

малға, әменгерлікке батыл түрде қарсы шықты. Ал «Қамар сұлу» романын автор осы тұрғыда жазған. Ақынның жиырма бір жасында жазған осы туындысында туған халқының өмірінің мешеулігін, ондағы әлеуметтік теңсіздікті, төңкеріске дейінгі ескі ауылды езіп-жаншып келген діни салт-дәстүрлерді, ондағы жасап жатқан адамдар санасының төмендігін кең полотнода алып суреттейді. Яғни бұл роман тақырыбы жағынан алғанда, сол кезде шешілуі мүмкін болмаған, бірақ шешілуге тиісті толғағы жеткен проблемаларға негізделген еді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров-өз дәуірінің озат ақыны. Сондықтан ол жоғарыда көрсетілген халық басындағы ауыртпашылықтарды көре білді. Жорға Нұрым сияқты малына, дүние-мүлкіне сеніп, Қамар секілді ақ жарқын жас қыздың бағын байлап, соры болған надан шалдарға қарсы шықты.

«Қамар сұлу»-қазақтың сол дәуірдегі демократтық әдебиетінің жанрын байытқан туынды, төңкеріс алдындағы қазақ өмірінің шындығын бүкпесіз суреттеген шығарма. Сұлтанмахмұт өзінің бұл романында Қамардай тағдыры аянышты қызын негізге ала отырып, кеңестік шірік салтқа, ескі әдет-ғұрыпқа қандай қатынаста екенін көрсетеді. Халықтың надандығы мен қараңғылығын пайдаланып, өз мүдделері үшін жанталасқан үстем тап өкілдерін әшкерелейді. Ішкен-жегеніне мәз болып, алды артын ойламайтын ауыл адамдарын: «Бір күн тойса есектер, миы жоқ алдын есептер» деп өткір сықаққа ілдіреді.

Қалың тобырды үстем тапқа тәуелді етіп қойған да надандық пен қараңғылықта ұстап тұрған да ескілік, яғни феодалдық салт, ұлттық сана сезімнің төмендігі екенін ашына жазады. Қамарды емдеуге байланысты Әбілдә ишан, Көңілбай бақсылардың іс-әректтері арқылы олардың бет пердесін ашып тастайды.

Мысалы, ишанның адамдарға жазып берген ішірткісі мен тұмарындағы жазудың құры бос, мағынасыз сөз екенін мысалға келтіре отырып әшкерелеген.

Сонымен бірге, бұл роман өткен өмірді, әділетсіздікті, әр түрлі сорақы істерді реалистік тұрғыда суреттейді. Сол арқылы еңбекші халықты надандықта қалмауға, керітартпа салт-санаға қарсы күресуге шақырады. Сұлтанмахмұт өз романында ондаған кейіпкерлердің бір-бірімен қарым-қатынастары арқылы сол бір қараңғылық тұманы басқан қазақ ауылының өмір шындығын көрсетпекші болған. Сол дәуірдегі адамдар санасының төмендігін, не болса соған сене беретіндігін, дәрменсіз де жасқаншақ екендігін төмендегі бірнеше эпизодтар арқылы дәлелдеуге болады.

..... Босағада толып, сығалап кеткен қатын-қалаш жабықтан сығалаймын деп, таласып, мүлдем кигізді жыртып өтірік ертегісімен, қиратып, сындырып айтқан азанын естігендер де:

-Ой, садағаң кетейін, жарықтық әулиелердің дауысын қарасайшы, бүркіттің дауысындай қалай саңқ-саңқ етеді!..

-Анау тамырымды ұстатамын деп, мынау кітап аштырамын деп, тағы тұмар алып үшкіртемін, қақтырам, соқтырам... деушілер де көп, күні бұрын беретін садақаларын даярлап, жоғы қарызданып, сұрап жүгірісіуде еді...

Сондай-ақ «... Ой, жарықтық-ай, әулие кітап екен ғой, бәсе жазуын қарашы, таяқтай, қағазының қалыңдығынан-ақ белгілі болып тұр ғой,-десіп, жабылып жүзін сипап, сүйгені сүйіп, қолдан қолға түсірмеуде еді», - дейді.

Сонымен бірге, біз романды оқи отырып, оның өн бойында тағдыры аянышты, дәрменсіз де жасқаншақ жандармен кездесеміз.

Көр міне, Қамар қандай, аға, бауыр,

Келе ме қайта айналып, өткен дәуір.

Еріксіз бір есекке қостың, елім,

Дүниеде не қорлық бар онан ауыр,- деп, мұның шағып, зар жылап отырған Қамарға әкесінен басқа бірде бір адам қорғаныш-таяныш бола алмайды. Болайын десе де бишара қызға жаны ашырлық сөз айтамын деп, Нұрым мен Оспанның тепкісіне ұшыраған молдадай боламыз ба деп қорқады. Міне, мұның бәрі ескілік торына шырмалған қазақ ауылының

бүкпесіз шындықтары еді. Сондықтан Әнуар Дербісалин: «Қамар сұлу» романы өзінің негізгі тақырыбын дәуір шындығы негізінде сәтті бейнелей алған үлкен туынды болып табылады», - деп көрсеткен еді.

Ал, Қамар бейнесіне келсек, адам баласына бір-ақ рет берілетін тәтті өмірді әдемі идеямен нәзік сезімге құрбан еткен Қамар образынан қазақ қыздары үлгі, өнеге алмай тұра алар ма?

Романның ерекше атап айтарлық маңызы сол- ХХ ғасырдан бұрынғы қазақ ауылында да бір-біріне қарама қарсы күштер бар екендігін, ондағы жаңа күштердің бұлқына бастағандығын көркем де көрікті жасалған кесек тұлғылар арқылы суреттейді. Сондықтан бұл шығарма өз қоғамындағы бар теңсіздіктерді, ескілікті дәстүрлерді әшкерелеуде қомақты да бағалы шығармалардың қатарына қосылады. Оның қазақтың жазба әдебиетінің тарихында, қазақ прозасының тарихында елеулі орыны бар, көркем де құнды шығарма екені даусыз.

Әдебиеттер:

1. Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары, екі томдық, 2-том, Алматы 1987.
2. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Қамар сұлу» романы, 2000.
3. Спандияр Көбеев. Орындалған арман. Таңдамалы шығармалар. Алматы 1980. «Қалың мал» романы 93-157-б.
4. Бейімбет Майлин . «Таңдамалы» Алматы 1994. «Шұғаның белгісі» повесі.
5. Мұхамеджан Сералин. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті хрестоматия. Алматы 1979 «Гүлкәшима» поэмасы.
6. Ақмұқанова Б. XX ғасырдағы қазақ ақындары. Алматы. 1989
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, 2-кітап, Алматы. 1987, 395-401 б.
8. Т. Әбдірахманов. Жаңа ғасыр көгінде. Алматы 1977
- 9 М. Әуезов. «Уақыт және әдебиет» Алматы 1977.
10. А.Еспембетов. Сұлтанмахмұ Торайғыров. Алматы. 1991
11. Р. Бердібаев. Ғасырлар толғауы. Алматы 1997.
12. Ә. Дербісалин. Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. Алматы 1976.
13. Б. Кенжебаев. Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы 1986.
14. Б. Кенжебаев. Сұлтанмахмұттың ақындығы. Алматы 1955.
15. Б. Кенжебаев. Қазақтың халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы 1978. Web sayttar

■ www.ziyonet.uz

■ www.reftoptar.kz

■ www.ref.kz

Мазмұны

I. Кіріспе-----	1-4
II. Негізгі бөлім-----	5-23
III. Қорытынды-----	24-27
IV. Пайдаланған әдебиеттер.-----	28

Тезис.

Менің курстық жұмысымның тақырыбы С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы негізгі идеялық шешім.

С.Торайғыровтың қазақ әдебиетінің барлық жанрында тыңнан жол салысқан жазушы.

«Қамар сұлу» романы Қазан алдындағы қазақ қоғамы және соған лайық қазақ әдебиеті аса кең жоспарда көтерген түбегейлі үлкен тақырыптардың бірі – әйел теңдігі мәселесіне байланысты жазылады.

Мен бұл тақырыпты жазуда романның ерекше атап айтарлық маңызы сол- ХХ ғасырдан бұрынғы қазақ ауылында да бір-біріне қарама қарсы күштер бар екендігін, ондағы жаңа күштердің бұлқына бастағандығын көркем де көрікті жасалған кесек тұлғылар арқылы суреттейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әдебиетінің тарихынан маңызды орын алатын талантты ақын әрі жазушы болатын. Ол өз парызын ойдағыдай атқарып, өзінен кейінгі ұрпаққа «Кім жазықты», «Қамар сұлу» сияқты кең көлемді құнды романдар мен «Адасқан өмір», «Кедей» сияқты кең құлашты поэмаларын, көптеген лирикалық өлеңдері мен мақала, әңгімелерін өлмес мұра етіп қалдырған алдыңғы қатарлы, озық көзқарастағы қалам қайраткерлерінің бірі еді.

«Қамар сұлу»-қазақтың сол дәуірдегі демократтық әдебиетінің жанрын байытқан туынды, төңкеріс алдындағы қазақ өмірінің шындығын бүкпесіз суреттеген шығарма. Сұлтанмахмұт өзінің бұл романында Қамардай тағдыры аянышты қызын негізге ала отырып, кеңестік шірік салтқа, ескі әдет-ғұрыпқа қандай қатынаста екенін көрсетеді.